

АНДАТПА

**6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша
Туркебаева Карина Төлеуқызының
« Аймақтық әртараптандыру, дамуы мен өсуі: Қазақстан
Республикасының тәжірибесі, жобалық тәсіл» тақырыпта
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертация**

Зерттеудің өзектілігі. Жаһандану мен интеграциялық үрдістер жағдайында, аймақтық алуантүрлілік, дамуы және өсуі ұлттық экономикалардың тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторларына айналды. Осы аспектілерді Орталық Азия мен Еуразия құрлығында алатын стратегиялық геосаяси жағдайымен, көпұлтты, мультимәдени, экономикалық және табиғи ерекшеліктерімен бай еліміздің, Қазақстанды мысалға алып зерттеудің ерекше маңызы бар.

Әлемдік экономиканың тұрақсыз дамуынан, шикізат тауарларына сұраныс пен бағаның төмендеуінен, нарықтағы жетекші ойыншылар арасындағы мерзімді сауда келіспеушіліктерінен, әлемдегі күрделі геосаяси ахуалдан туындаған сыртқы факторлар қысымының күшеюі, Қазақстанның экономикалық дамуы үшін теріс салдарын тигізуде. Мұндай дағдарыс жағдайлары аймақтық даму мен өсудің тиімділігін қиындатады, сонымен қатар мемлекеттік басқару органдарының аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуды қамтамасыз ететін іргетас ретіндегі маңыздылығы күшейтіледі.

Заманауи сын-қатерлер мен шаруашылық жағдайларға жауап беретін мемлекеттік басқарудың тиімді тәсілдерін іздестіру ел басшылығын бизнес-қоғамдастық белсенді пайдаланатын және әртүрлі елдердегі мемлекеттік қызмет саласында кеңінен қолданылатын басқарудағы перспективалық бағыт ретінде жобалық тәсілді кеңінен енгізуге басымдыққа айналдыру.

Қазақстанда мемлекеттік билік органдарының жұмысында жобалық менеджмент құралдарын пайдалану өте өзекті жаңа бағыт болып табылады.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев реформалар жөніндегі Жоғары Кеңестің бірінші отырысында мемлекеттік жоспарлау жүйесіне жаңа тәсілдерді қарауды ұсынды *«Біз әр салада мемлекеттің даму мақсаттары мен кезеңдерін айқындайтын бағдарламалық құжаттардың неғұрлым икемді архитектурасын құруымыз керек. Жүйе бюджеттік жоспарлаумен байланысты болады және қойылған міндеттерді орындау үшін мемлекеттік органдар басшыларының тікелей жауапкершілігін бекітеді. Жоғары Кеңестің шешімдерін орындауды, ұлттық жобаларды іске асыруды, жобалық басқару қағидаттарын енгізуді қамтамасыз ету маңызды»* [1]. Сонымен қатар, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бірінші деңгейіндегі құжатта – елді дамытудың Ұлттық жоспары жаңа редакциясында жедел басқарудан жобалық басқаруға және стратегиялық

құжаттарды іске асыруға шоғырлануға Мемлекеттік басқарудың жаңа моделіне көшу көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарының 7.8 бастамасы мемлекеттік органдар ішінде бірінші кезекте ірі өзгерістерді талап ететін жобаларды әзірлеу және іске асыру сияқты салаларда пайдалану үшін жобалық тәсілді таратуға арналған. Цифрлық технологиялар сияқты ең заманауи тақырыптар бойынша бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу үшін Agile [2] сияқты заманауи тәсілдер қолданылатын болады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты жолдауында «...нағыз дамыған ел болу үшін біз саяси реформаларды терең және жан-жақты әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен үйлестіруіміз керек». Алдағы құрылымдық экономикалық реформалар айтылды. Экономикалық өзіндік жеткіліктілікті қамтамасыз ету үшін бірқатар «еліміз үшін нағыз тағдырлы жобаларды» іске асыру қажет [3].

Мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын тиімді іске асыру үшін елде басқарудың барлық деңгейлерінде: республикалық, аймақтық және жергілікті деңгейде жобалық тәсілді енгізу жоспарлануда.

Аймақты дамыту әртүрлі бағдарламалар мен жобаларды іске асыруды көздейді. Жобалық тәсілді аймақтақ басқару жүйесіне ықпалдастырудың өз ерекшеліктері бар және макро деңгейде қолданылатын мамандандырылған жобалық басқару технологияларын талап етеді. Мұндай тәсіл іске асырылған жобаларды кейіннен мониторингілеумен және түзетумен аймақтақ алуантүрлілікті ескере отырып, даму мен өсуді ынталандыруға бағытталған нақты іс-шараларды әзірлеуді болжайды.

Республикада аймақтық басқаруда жобалық тәсілді қолдану мәселелері нашар зерттелген. Іс жүзінде жобалық басқару аймақтық басқару органдарының қызметінде толық көлемде пайдаланылмайды.

Осылайша, «Аймақтық алуантүрлілік, дамуы және өсуі: Қазақстан мысалында, жобалық тәсіл» тақырыбы бойынша диссертациялық зерттеудің өзектілігі заманауи әлемдік трендтер шеңберінде Қазақстанның ерекшеліктері мен әлеуетін ескере отырып, аймақты дамытудың оңтайлы жолдарын кешенді талдау және іздеу қажеттілігіне негізделген.

Тақырыпты зерттеуге арналған негізі және бастапқы деректері. Диссертациялық зерттеуде аймақтық дамуды басқаруда жобалық тәсілді қолдану мәселесін зерттеу. Бұл мәселелердің жекелеген аспектілері отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды.

Басқару жүйесінің теориясы мен практикасының дамуына батыс зерттеушілері Тейлор Ф.У., Вебер М., Вильсон В., Фредериксон Х., Файоль А., Гилбрет Л., Гант Г. және басқалар маңызды үлес қосты.

Мемлекетті және оның аймақтық құрылымдарын басқару бойынша жаһандық зерттеулердің шектеулі жағдайында жобалық басқарудың нақты

құралдарын, соның ішінде изоморфты трансформациялар шеңберінде бизнес секторынан бейімделген құралдарды пайдалану бойынша көптеген теориялық әзірлемелер бар. Атап айтқанда, мемлекеттік жоспарлау және бағдарламалық-мақсатты басқару бойынша ғылыми еңбектердің кең қоры бар, бұл әкімшілік секторда жобалық әдіснамаларды енгізудің бастапқы нүктесі болды: Р. Акофф, И. Ансофф, Д. Клиланд, В. Кинг және басқалар.

Жобаны басқару бойынша зерттеулер тақырыпты зерттеу тереңдігімен ерекшеленеді. Ұйымдарда жобалық басқаруды енгізу мен дамытудың неғұрлым табысты тәжірибелері әлемдік және қазақстандық деңгейде танылған кәсіби менеджерлердің басылымдарда жарияланды. Г. Керцнер, К. Грей и Э. Ларсон, R. Mulcahy, Joseph M. Juran, Max Wideman, Paul Dinsmore, Kim Heldman, Джефф Сазерленд, Дэвид Андерсон, Г. Дитхелм жобаның мәнін, жобаларды басқарудың тәсілдері мен әдістемелерін, жобалардың табыстылығы мен сәтсіздік факторларын, тәуекелдер мен мүмкіндіктерді, жобалардың сапасын, жобаларды басқарудағы жасанды интеллектті, ұйымдағы жобалық басқарудың жетілуі және т.б қарастырады және талдайды.

Қазақстан Республикасындағы аймақтық дамуды жобалық басқарудың жекелеген теориялық және әдістемелік мәселелері Қазақстандық ғалымдардың Цеховой А.Ф., Сабден О.С., Нарбаев Т., Байзаков С.Б., Түркебаев Е.А., Хусаинов Б.Д., Нурланова Н.К., Бримбетова Н.Ж., Куница С., және т. б. еңбектерінде көрініс тапты.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты аймақтық басқарудағы жобалық тәсілдің теориялық-әдіснамалық базисін негіздеу, өңірлік бәсекеге қабілеттілік индексін есептеу әдістемесін және аймақтың дамуын жобалық басқару моделін әзірлеу, аймақтық жобалық басқару жүйесін жетілдіру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Осы мақсатқа сәйкес келесі **міндеттер** қойылды:

– Қазақстан Республикасының аймақтарын дамытуды мемлекеттік басқарудағы жобалық тәсілге көзқарастарды теориялық тұрғыдан негіздеу.

– ҚР аймақтарының даму деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер бойынша статистикалық деректер базасын қалыптастыру.

– Мемлекеттік бағдарламалар мен экономиканы дамыту жобаларының пайдасына әсер ететін негізгі факторларды анықтау.

– Жобалық тәсіл негізінде Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (ЖБИ) үшін аймақтық бәсекеге қабілеттілік индексін (АБИ) есептеу әдістемесін қалыптастыру.

– Аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдарын және олардың дамуын қамтамасыз ету үшін жобаларды басқаруды үдемелі енгізу бойынша амалдарын ұсыну.

Зерттеу объектісі – Қазақстан аймақтарының дамуы мен өсуіндегі жобалық тәсілді іске асыру үрдісі.

Зерттеу тақырыбы – аймақтарда жобалау қызметін іске асыру барысында қалыптасатын институционалдық жағдайлар, экономикалық қатынастар және ұйымдастырушылық – басқарушылық тәжірибелер.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі жобалық менеджмент, мемлекеттік аймақтық басқару, аймақтық экономика және даму саласындағы ғалымдардың ғылыми жұмыстары болып табылады. Диссертациялық жұмысты орындау барысында зерттеу әдістерінің кешені пайдаланылды: тарихи-генетикалық әдіс, модельдеу әдістері, эконометрикалық, статистикалық, корреляциялық, регрессиялық, салыстырмалы талдау, индекстік әдіс, сауалнама және ғылыми зерттеулердің басқа әдістері.

Зерттеудің ақпараттық базасы: ҚР Президентінің Жолдаулары, заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттар, нормативтік-құқықтық актілер, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының статистикалық материалы, Дүниежүзілік экономикалық форумның, экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының, Біріккен Ұлттар Ұйымының, менеджментті дамыту институтының әлемдік бәсекеге қабілеттілік туралы талдамалық есептері мен баяндамалары, Дүниежүзілік банк, Халықаралық кәсіби жобаларды басқару стандарттары.

Эконометрикалық есептеулер: Stata 8.0, Statistica және R studio бағдарламалық пакеттері.

Ғылыми жаңалық аймақтық алуантүрлілік, даму және өсу контекстінде жобалық басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған жобалық тәсілдің теориялық және әдіснамалық негіздерін қалыптастырумен және негіздеумен байланысты өзекті ғылыми мәселені шешуден тұрады.

Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер:

– Қазақстан Республикасының аймақтарын дамытуды мемлекеттік басқарудағы жобалық тәсілдің тұжырымдамалық ережелері негізделді;

– Мемлекеттік бағдарламалар мен аймақтардың экономикасын дамыту жобаларының пайдасына әсер ететін факторлар анықталды;

– Корреляциялық және регрессиялық талдауды қолдана отырып, аймақтық даму мен өсу айнымалылары арасындағы себеп-салдарлық байланыстар анықталды;

– Қазақстан Республикасының аймақтық жергілікті атқарушы органдарының (ЖАО) жобалық басқармасының эмпирикалық талдау және жетілуіне бағалау жүргізді, ел аймақтарын жобалық басқарманың жетілу деңгейі бойынша саралады;

– Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің өңірлік индексін есептеу әдістемесін әзірлеу бөлігінде әдіснамалық инновация ұсынылды;

– Аймақты дамытуды жобалық басқарудың авторлық моделі әзірленді;

– Қазақстан аймақтарына басқару практикасын жақсарту үшін жобалау тетіктері мен құралдарын оңтайландыру бойынша мемлекеттік аймақтық құрылымдар үшін ұсынымдар қалыптастырылды.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңыздылығы аймақтық Жобалық басқару туралы жинақталған білімді жүйелеу және толықтыру, Қазақстан Республикасының аймақтық алуантүрлілігін назарға ала отырып, аймақтарды мемлекеттік басқаруда жобалық тәсілді қолдану болып табылады. Автор аймақтық бәсекеге қабілеттілік индексі (АБИ) бағалау әдістемесін және қазақстандық контекстті ескере отырып, аймақтың дамуын жобалық басқару моделін әзірлеуді ұсына отырып, аймақтық ғылымның дамуына үлес қосады. Бұл зерттеудің теориялық нәтижелері білім беру процесінде «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын жобалау кезінде, атап айтқанда «Жобалық менеджмент», «Басқарушылық экономика», «Аймақтық экономика», «Аймақтық экономиканы басқару» пәндерінің оқу-әдістемелік кешендерінде пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Зерттеу барысында алынған нәтижелер ұлттық жобаларды, мемлекеттік бағдарламаларды және даму жоспарларын әзірлеу кезінде қолданылуы мүмкін. Мақсатты тұтынушылар мен мүдделі тараптар: Ұлттық экономика министрлігі, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі, орталық мемлекеттік органдар (ОМО), жергілікті атқарушы органдар (ЖАО), басқа да мемлекеттік мекемелер мен ведомстволар

Жұмыс нәтижелерін апробациялау. Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері конференцияларда ұсынылды:

– Project Management Development – Practice and Perspectives 9th International Scientific Conference on Project Management in the Baltic Countries, Riga, Latvia, April 23-24, 2020;

– Сәтбаев оқуларының еңбектері «Сәтбаевские чтения – 2020» Том II, РК, Алматы, 2020;

– IEEE International Conference on Smart Information Systems and Technologies (SIST) 4-6 May 2023.

Зерттеулер материалдары мен деректері Ғылым Академиясының №BR05236639 «Үшінші технологиялық жаңғырту негізінде ғылымды қажетсінетін экономикаға Қазақстандық жол: Даму стратегиясы, модельдері мен тетіктері» (2018-2020 жж.) және №BR10965247 «Жобалары шеңберінде Қазақстандағы демографиялық процестердің, көші-қонның, урбанизацияның факторларын, ерекшеліктері мен динамикасын зерттеу, цифрлық карталар мен болжамдарды әзірлеу» (2021-2023). Нәтижелерді енгізу актімен расталды.

Ғылыми еңбектерді жариялау. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері:

– Scopus (Скопус) деректер қорында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдағы 1 мақалада;

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдардағы 4 мақалада;

– жоғарыда аталған халықаралық конференциялардың жинақтарындағы 2 мақалада жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың көлемі мен құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Зерттеудің жалпы көлемі 22 кесте мен 34 суретті қоса алғанда, 151 бет терілген мәтінді құрайды. Пайдаланылған көздер тізімінде 179 атау бар.

Диссертацияның негізгі мазмұны.

Кіріспеде диссертациялық жұмыстың өзектілігі және оның негізгі тұжырымдары ұсынылған.

Диссертацияның **бірінші тарауда** Қазақстан Республикасы субъектілерінің аймақтық алуантүрлілігіне, ерекшеліктері мен бәсекелестік артықшылықтарына теориялық шолу жүргізілді, аймақтық басқаруда жобалық тәсілді қолдану мәселелері, жобалық басқарудың қолданыстағы тәсілдері мен әдіснамалары зерттелді, сондай-ақ оның әлемдік даму және ұлттық контекст арнасында қалыптасу кезеңдері қаралды.

Екінші тарауда Қазақстан Республикасы аймақтық экономикалық дамуы мен жобалау басқармасының жай-күйі талданады, елдік және аймақаралық теңсіздік коэффициенттері, көрсеткіштер серпіні және Мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың пайдасына әсері айқындалады, Аймақтарды дамытудың, шағын және орта бизнесті цифрландырудың және қолдаудың ұлттық жобалары мен бағдарламалары зерттеледі, елдің жергілікті атқарушы органдарының жобалау басқармасының жетілу деңгейі бағаланады.

Үшінші тарауда Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексін теңгерімді қалыптастыруды қамтамасыз ететін аймақтық бәсекеге қабілеттілік индексін есептеу әдістемесін әзірлеу бөлігінде әдіснамалық инновация ұсынылды, ел аймақтарында жобалық басқарудың тиімділігін арттыру жолдары айқындалды, аймақтың дамуын жобалық басқарудың моделі ұсынылды.

Қорытындыда диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары келтірілген.